**Ақтасты жалпы орта білім беретін мектебінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын»**

**іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен**

**2023-2024 оқу жылына арналған кешенді жоспарды іске асыру.**

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз –жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұныарқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқатән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»** – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

**Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:**

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

1.Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

2.Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

3.Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4.Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5.Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

**Күтілетін нәтиже:**

1.Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2.Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды

жәнеұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3.Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4.Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5.Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

2023-2024 оқу жылы бойынша Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша жылдық жоспар құрылып іс шаралар өткізілді. 2023-2024 оқу жылының басталуына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» кешенді жоспар аясында 1 қыркүйек Білім күніне арналған «Мектебім- мейірім мекенім» атты салтанатты жиын өтті. Ұлттық мәдениетті дәріптеу, білуге, жаңаны тануға құштар болу мақсатында «Менің сүйікті мектебім», «Менің алғашқы ұстазым» тақырыптарында бірыңғай сынып сағаттары өтті. «Тіліміздің теңдігі – ұлтымыздың елдігі» ҚР Тіл Заңының рындалуына байланысты қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері 5-қазан тіл мерекесіне арналған әдеби монтажы мерекелік салтанатты шара ұйымдастырды. 1қазан- Халықаралық қарттар күнін мерекелеуге арналған аудандық іс-шара жоспарына сай 2 қазан күні 3-сыныпта «Қарттарым- асыл қазынам» тақырыбында тәрбие сағаты өтті.Ұстаздар күніне орай адал еңбекті құрметтеу, халқына адал қызмет ету, білуге, жаңаны тануға құштар болу, мектептегі өзін-өзі ұйымдастыру жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін мақсатында білім алушылардың өзін-өзі басқаруы «Дублер күні» өтті. Сонымен қатар Ұстаздар күніне арналған «ҚЫЗЫҚ TIMES» бағдарламасы форматында мерекелік кеш өтті. 25 қазан-Республика күніне орай «Ұлы дала перзентімін» атты салтанатты мерекелік шара өтті. «Қыран елім-Қазақстаным» патриоттық акциясы аясында әнұран шырқалды. 9-10 сыныптарды «Ұлы дала перзентімін» тақырыбында тәрбие сағаты өтті.
16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай «Қазақстан –біртұтас жер, біртұтас болашақ» тақырыбында 2-11 сыныптарда тәрбие сағаттары өтті. Бастауыш сынып бойынша «Көк тудың желбірегені» тақырыбында сурет көрмесі өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» жылдық жоспары аясында 1-наурыз «Алғыс айту» күніне орай бастауыш сынып бірлестігінің ұйымдастыруымен «Мың алғыс, әке» сыныптан тыс шарасы өтті. Шараға бастауыш сынып оқушыларының әкелері қатысып, балаларының өнерін тамашалады. Мақсаты: оқушылардың бойына ата-анаға деген ерекше жылы сезім қалыптастыру. ата-ананың бала өміріндегі рөлін түсіндіру. Мерекеге орай орта буын 5-6 сыныптарда «Алғыс айту парызым» атты тәрбие сағаты өтті. Мақсаты: оқушыларды ізгілік пен кішіпейілділікке баулу, ата-анаға құрмет көрсету. Ұйымдастырған: Жарасова А, Ақділда С Жоғары буын 8-11 сынып оқушылары мектеп ұстаздарына құттықтау тілектерін арнады.Сонымен қатар мектеп Парламент мүшелері «Алғыстың шегі жоқ» ашық есік күнінде ауылымыздың құрметті азаматы Жолмұратов Орынбай ағамыздың, ауыл аруханасы, әкімдік және мәдениет үйі мен мектеп кіші қызметкерлерін құттықтады. Мереке барысында әлеуметтік педагог А.Шөлекенов «Қайырымдылық керуені» Республикалық акция аясында «Қоржын» акциясын ұйымдастырды. Акция барысында жоғары сынып оқушылары, бастауыш сынып оқушыларына оқу-құралдарын табыстады. 8-наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай «Бәрі де Ана, бір өзіңнен басталады» атты мерекелік кеш өтті. Мақсаты: нәзік жанды аруларымыздың қоғамдық рөлінің айтарлықтай орасан зор екендігін дәлелдеп, оларға қуаныш сыйлау. Сонымен қатар аналарға арналып «Сенің анаң алтын» әнін мектебіміздің барлық оқушылары хормен орындап, челлендж түсірді. 22-наурыз мерекесіне орай 14-наурыз күні бастауыш сыныптарда «Амал келді, жыл келді» тақырыбында тәрбие сағаттары өтті. 16-наурыз орта буын 5-8 сынып

оқушылары «Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр» күні «Атадан -өсиет, анадан- қасиет» тақырыбында видеороллик дайындады. Жоғары буын 9-11 сынып оқушылары «Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр» күнінеатқа мініп «Жарапазан» айтып ауылды аралады.18-наурыз «Ұлттық киім» күніне оқушылар ұлттық киім шеруін жасады.19-наурыз күні мектебімізде Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамына арналған «Қош келдің, Әз Наурыз!» атты мерекелік кеш өтті. Кешті Қыдыр ата ақ батасымен, ару қыздар шашуымен ашты. 20-наурыз «Ұлттық спорт» күні ұлттық ойындар асық ату, арқан тартыс, қол күрес, кір көтеру өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» жылдық жоспар бойынша кәсіптік бағдар жұмысы аясында 9-11 сынып оқушыларына мамандық таңдауда дұрыс жолда болуына себепкер болу, таңдаған мамандығын өз бейімділігі мен қабілетіне сәйкес келуін нақтылау мақсатында «Профи Time» мамандықтар әлемінде атты сыныптан тыс іс-шара өтті. Кеш соғында белсенді оқушылар марапатталды.

«Ең үздік мамандық» номинациясы- Абдирахим Айбын;
«Ең үздік костюм» номинациясы- Болатқызы Дана;
«Белсенді оқушы» номинациясы- Марат Ринат
Өткізген: ДТЖО Айтмагамбетова А.

«Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында "Алғырлар" дебат клубы құрылды. Жетекшісі Төлеген Г. Дебат клубы құрамында 15 білім алушы бар. 7-11 сынып оқушыларынан құралған.Мектепте «Ұшқыр ой алаңы» жобасы дебат клубының ақпараттық бұрыш жабдықталған. 2021-2022 оқу жылында "Алғырлар" дебат клубының мүшелерімен БП жоғары білімі жоқ бизнесмендердің жетістік тарихын кең насихаттауға қарсы. Дебат ойыны «Зияткер» және «Көшбасшы» ойыншылары арасында өтті. "БП: «Әлемде мейірімділік бар ма?», «Жоғары білімі жоқ бизнесмендердің жетістік тарихын кең насихаттауға қарсы". 2022-2023 оқу жылында БП:«Құқықтық білімнің маңызы зор», «Кітап оқыған жақсы ма, әлде кино көрген дұрыс па?». 2023-2024 оқу жылында БП «Қыз тәрбиесі - ұлт тәрбиесі деп есептейді",БП «Ғаламтордың пайдасынан зияны көп деп есептейді", БП: «Қазіргі заманғы бағалау жүйесі БЖБ және ТЖБ-ны қолдайды», «Буллинг: Қатігездік қайдан, қауіп неден?» тақырыптарында мектепішілік дебат ойындары өткізілген. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» жоспары бойынша Әйтеке би ауданы білім бөлімінің 2023жылғы 19 қазан күнгі №05-20/1838 хаты негізінде «Ұшқыр ой алаңы»» жобасы аясында 23қазан күні мектебіміздің «Алғырлар» дебат клубы «Буллинг: Қатігездік қайдан, қауіп неден?» тақырыбында 8-9 сыныптар арасында мектепшілік дебат-пікірталас ойыны өткізілді

«Балалар және театр» ағартушылық жобасы аясында «Қарақат» үйірмесі құрылып, барлығы 34 сағатқа жұмыс жоспары құрылған. Үйірме жұмысында өскелең ұрпақты театр өнері әлеміне тарту мақсатында көркем-эстетикалық тәрбие саласында отандық мәдени жетістіктерді – кітаптарды, пьесаларды, мүсіндерді, картиналарды, Ұлы дала мұрагерлерінің өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің үздік үлгілерін – ертегілерді, аңыздарды, эпостарды, аңыздарды оқыту және ілгері дамыту жүргізілген. Балалар және театр»жобасы бойынша ақпараттық бұрыш жабдықталған. Театр үйірмесінің жетекшісі 2021-2022, 2022-2023 оқу жылында Асылбекқызы Тұмар жетекшілік міндетін атқарды. 2023-2024 оқу жылы бойынша Жарасова Ақмарал жетекшілік етті. Мектебіміздің «Қарақат» театр клубы жетекшісі Т.Асылбекқызы ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік -бабалар мұраты» атты тарихи сахналық қойылым өтті. Сахналық қойылымға 5-11 сынып оқушылары белсене қатысты. 8-10сынып оқушыларымен «Алиханның арманы» тақырыбында сахналық кеш өткізді.2021-2022, 2022-2023. 2023-2024 оқу жылы бойынша жетістіктер: «Ертегілер еліне саяхат» облыстық байқаудың аудандық кезеңінде «Үздік қойылым» номинациясы бойынша 3-орын иегерлері: Сағымбай Б, Алмат А, «Үздік ертегіші» номинациясы бойынша 2-орын иегері:

Алихан А, Құлдықова К. «қарақат» театр клубы мүшелері «Мен оқыған ертегі», «Түлкі мен қасқыр», «Көбелектер», «Жолбарыс пен түлкі» ертегілерін сахналады.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында, буккросинг-кітап алмасу, білім алушылардың демалыс қарым-қатынас шығармашылық ортасы ковиркинг жұмыс жасайды.«Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Бір отбасы-бір кітап» тақырыбында танымдық сабақ, «Мен оқыған ертегі» кітап оқу челленджі , қысқы демалыс уақытында «Менің сүйікті кітабым» челленджі өтті. «Бір отбасы – бір кітап» тақырыбында Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл толуына орай танымық сабақ өтті. Қысқы демалыс уақытында 3-5 сыныптар арасында «Оқуға құштар мектеп»жобасы аясында «Менің сүйікті кітабым» челленджі өтті. Көктемгі демалыста оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында жоспар бойынша «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» , «Мен оқыған кітап», «Менің сүйікті кітабым» тақырыбында онлайн түрде шаралар өтілді. Оқушылар үйлерінде отырып «Оқуға құштар» жобасы аясында 8 сынып оқушысы Болатқызы Сара «Аққулар ұйықтағанда», 6 сынып оқушысы Ғабит Меруерт «Менің атым Қожа» , 6 сынып оқушысы Оңғаров Дамир «Професор» атты сүйікті кітаптарын оқып, мазмұндаса, 3 сынып оқушысы Алмат Назерке мен 5 сынып оқушысы Алмат Ақерке ата-аналарына көмектесіп тағам түрлерін, 6-сынып оқушысы Рамазан Айару анасымен қолөнер жұмысын жасады.6-сынып оқушылары Мақсотов Бекарыс және Білшан Алпамыс әкелеріне шаруашылыққа көмектесті.

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Еріктілер» клубы жоспарына сәйкес оқушылар ауылдық мәдениет үйі және балалар ойын алаңына тазалық жұмыстарын жасады. «Адал ұрпақ» еріктілер мектеп клубының ұйымдастыруымен «Адал азамат-әділетті ұрпақ» тақырыбында бейне ролик жасады. «Адалдық жүрген жерде адамдық жүреді» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.
«Қайырымды істер» марафоны Қайырымдылық акциясы аясында «Мейірімсіз ұл» тақырыбында «Кино лайф» ұйымдастырылды. Кино бағасы 100 теңгеден жиналды. Жиналған қаражатқа көпбалалы отбасыдан шыққан мектеп оқушысына оқу-құралдар алынып, қайырымдылық жасалды.
«Әкеге - ізет, анаға – құрмет» тақырыбында тәрбие сағаты, 5-8 сыныптарында «Ұлы дала перзентімін» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Экологиялық білім мен тәрбие іс-шаралар барысында «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы жоспарына сәйкес «Сары жапырақтар» акциясы өтті. Оқушылар ауылдық мәдениет үйі және балалар ойын алаңына тазалық жұмыстарын жасады. Мақсаты: қоршаған ортаны таза ұстауға баулу, еңбекке бейімдеу.

Сонымен қатар «Табиғат тамашалары» тақырыбында «Жасыл желек» акциясында гүл күтімін баптайтын қызметкер Делмухамбетова Нұрила апаймен бірге 11-сынып оқушылары көгалдандыру жұмысыны өз үлестерін қосып, бөлме гүлдерін отырғызды.

«Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы бойынша Ақтасты ауыл учаскелік полициясы Сарсенбаев Нұрлыбек Назарұлы «Жолда жүру ережелерін білесің бе?» тақырыбында бастауыш сынып оқушыларына жолда жүру қауіпсіздік ережелеріне байланысты түсіндірме жұмысын жүргізді. «Құқық бұзушылыққа жол жоқ» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. «Қылмыссыз балалық шақ» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Дүниежүзілік темекі шегуден бас тарту күніне орай салауатты өмір салтын сақтау мақсатында «Біз темекі шегуге қарсымыз» атты акция өтілді.
Сонымен қатар 9-11 сыныптарды «Нашақорлық қоғам дерті!» және «Есірткісіз және

болашағы есірткісіз», «Тәртіп және мен» бірыңғай сынып сағаттарымен сыныптан тыс шаралар өткізілді және аудандық ПБ-тың бірінші орынбасары, полиция майоры М.Т.Әкентай, аудандық ПБ ЖПбқ КІТЖ УПИ полиция капитаны Ж.Тулегенов, УПИ полиция аға лейтенанты Н.Н.Сарсенбаевтың қатысуымен 9-11 сынып білім алушыларына құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша және нашақорлықтың алдын алу, сонымен қатар кәсіптік бағдар бағыты негізінде БП жоғары оқуға түсу мәселесінде кездесу өткізілді. 2022-2023 оқу жылында «Қылмыссыз балалық шақ» дөгелек үстел, «Бала құқығы- адам құқығы» тәрбиелік шара, «Құқықбұзушылққа жол жоқ» бірінғай тәрбие сағаттары, «Адалдық жүрген жерде адамдық жүреді» дөңгелек үстел, «Интернет желісіндегі қауіпсіздік» апталығы өтті. Ата-аналар жиналысында «Құқықтық тәрбие және құқықтық жігер» тақырыбында баяндама оқылды. 2023-2024 оқу жылында Ақтасты ауыл учаскелік полициясы Сарсенбаев Нұрлыбек Назарұлы «Жолда жүру ережелерін білесің бе?» тақырыбында бастауыш сынып оқушыларына жолда жүру қауіпсіздік ережелеріне байланысты түсіндірме жұмысын жүргізді.Абайдың «Толық адам» ілімін насихаттау, дұрыс қарым-қатынас орната білуге, адал еңбекті құрметтеуге, сөзіне берік, ісіне адал болуға, халқына адал қызмет етуге «Бес нәрсеге асық бол...» құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында 9-сыныпта «Құқық бұзушылыққа жол жоқ» тақырыбында тәрбие сағаты, Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу, өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну, дұрыс қарым-қатынас орната білуге, құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында «Қылмыссыз балалық шақ» тақырыбында дөңгелек үстел, Дүниежүзілік темекі шегуден бас тарту күніне орай салауатты өмір салтын сақтау мақсатында «Біз темекі шегуге қарсымыз» атты акция өтілді. 9-11 сыныптарда «Нашақорлық қоғам дерті!» және «Есірткісіз және ЖҚТБ-сыз әлем» тақырыбында дөңгелек үстел, «Құқықбұзушылықтың алдын алу» тақырыбында тәрбие сағаты, "Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" тақырыбында дөңгелек үстел өтілді. Діни экстремизмнің алдын алуға бағытталған жұмыс жоспары бойынша «Жас сарбаз- Мерген ӘПК» ант қабылдау үшін «Әскери птриоттық тәрбие» патриоттық сағаты өтті. Қазақстан Республикасының әнұраны шырқалып, «Жас сарбаз» сыныбының 12 оқушысы салтанатты түрде ант қабылдады. Клуб жетекшісі: АӘД пәні мұғалімі Сутемгенов Ғ.С

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» жылдық жоспары аясында 5-11 сыныптарға кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың, нашақорлықтың, зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, қудалаудың, балалар ортасында тартыстардың алдын алу мақсатында «Буллинг және кибербуллинг» және «Ренішсіз, қорлықсыз балалар» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. 8-10 сынып оқушыларына «Буллингке жол жоқ, Кибербуллингтен сақтан!» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. ДТІЖО Айтмагамбетова А.Т «Жақсы, жағымды қасиетім» тренингін және буллингтің салдары одан сақтану, алдын алу жолдарын тұсіндірді, слайд арқылы көрсетті. Бастауыш сынып мұғалімі Асылбекқызы Т практикалық бөлімінде «Ситуацияны шеш» тақырыбында түрлі жағдаяттар ұсынып, оны шешу жолдарына нұсқау берді. Мақсаты: Тәуелсіздік төрімізден орын алған қоғамымыздағы ең басты құндылық – адам бостандығы. Адамның және адамзаттың құқықтары мен бас бостандықтарын қамтамасыз ету және қорғау – конституциялық заңдылықтың басты талабы. Қазақстанда салауатты өмір салтына қол жеткізуде, денсаулықты сақтау мен нығайтудағы басты міндеттің бірі – бала құқығын қорғау, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жүргізу. Өткізген: ДТІЖО Айтмагамбетова А.Т 5-11 сыныптарға оқушыларына экстремизм, терроризм туралы терең түсінік беру оның түрлері, себептері мен зардаптарын ұғындыру мақсатында «Экстремизм және тәрбие» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Өткізген: ДТІЖО Айтмагамбетова А.Т Әйтеке би аудандық білім бөлімі Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының №74 хатына сәйкес 12-

16 ақпан аралығында жасөпірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында «Заңды білу- заман талабы» құқықтық апталықтың ашылуы өтті.Апталық аясында 9-11 сыныптарда «Құқықтық сауаттылық-заман талабы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Мақсаты: жасөспірімнің өмір ағымында кездесетін қолайсыз жағдайлардың алдын алу және болдырмау. Жасөспірімнің қиын өмір жағдайларындағы құқығын қорғау және сақтау. Оқушылар белсене араласып, құқықбұзушылықтың алдын алу мәселелерімен пікір алысып, сұрақтарға жауап берді.Аға тәлімгер С.Ақділданың ұйымдастыруымен парламент мүшелері «Бала құқығы-асыл қазына» тақырыбында видеоролик түсірді. Тарих пәні мұғалімі Мақсотова Е 9-сыныпқа «Өз құқығыңды білесің бе?» тақырыбында сыныптан тыс шара өткізді. Мақсаты: Қазақстан Республикасы Конституциясының баптарымен таныстыру. Адам құқықтарының жалпыға бірдей деклорациясының баптары жайлы ақпарат беру. Сонымен қатар апталық аясында «Алғырлар» дебат клубының мүшелерімен «Құқықтық білімнің маңызы зор» тақырыбында дебат өткізілді. Өткізген: дебат клубының жетекшісі Төлеген.Г 5-29 аралығында өткізіліп жатырған Республикалық «Қауіпсіз жол» жедел профилактикалық, іс-шарасы негізінде сонымен қатар «Сіздің жолаушыңыз бала» атты акция аясында Әйтеке би аудан ПБ ЖПҚб УПИ полиция аға лейтенанты Н.Н.Сәрсенбаев өзіне бекітілген әкімшілік аумақтағы УПИ полиция майоры Д.Әбдірахманмен бірге Ақтасты ЖОББ мектебінің 2-6 сынып оқушыларына жол қауіпсіздігі, жолдан өту кезінде сақтық шаралары бойынша түсіндірме жүргізіп, жол белгілерін таныстырып, көрсетті. Ақтөбе облысының білім басқармасының 2024жылғы 29 ақпанындағы №01-14/611 хатына сәйкес, жол көлік оқиғаларының алдын алу және жол қозғалысы ережелерін сақтау мақсатында «Бала және бағдаршам» тақырыбында 3-сыныпта тәрбие сағаты өткізілді.Өткізген: Асылбекқызы Т. Осы хат аясында 5-6 сыныптарда «Абайлаңдар балалар» тақырыбында сынып сағаты өтілді. Өткізген: Ақділда С. Сонымен қатар жоғары буын 8 сыныпта «Жол қауіпсіздігін сақтаймыз» атты сынып сағаты өтті. Өткізген: Балқашбай А

Мектеп директоры: С.Г.Аяпова